

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Юридический факультет
Law Faculty



Қазақстан 2050

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 7-17 сәуір

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 13-16 сәуір

2-том



II МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 7-17 апреля 2015 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 13-16 апреля 2015 года

Том 2



II INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 7-17 April, 2015

MATERIALS

International Scientific Conference of Students
and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 13-16 April, 2015

Tom 2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті
Юридический факультет
Law faculty



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 7-17 сәуір

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты
халықаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2015 жыл, 13-16 сәуір

2-том

II МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 7-17 апреля 2015 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 13-16 апреля 2015 года

Том 2

II INTERNATIONAL FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, 7-17 April, 2015

MATERIALS

international Scientific Conference of Students
and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, 13-16 April, 2015

Tom 2

Редакциясын басқарған:

Д.Л. Байделдинов

Е.Т. Нурмағамбет

А.Т. Салыбаева

Студенттер мен жас ғалымдардың «И.Фараби оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 13-16 сәуір 2015 ж. / *Ред.басқ.*: Д.Л. Байделдинов, Е.Т. Нурмағамбет, А.Т. Салыбаева. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 385 б.

ISBN 978-601-04-1199-9

Жинақта студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми конференцияның мақалалары енгізілген.

ҚАНЫБЕК А., КАРАШЕВА Ж.Т. ТАСЫМАЛДАУ ШАРТЫ УҒЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ	80
НАҒЫМОВА Н.К., КАРАШЕВА Ж.Т. ОСИЕТ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	82
НҮРЛЫКУЛ Б.Г., КАРАШЕВА Ж.Т. ЛЖИНГ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ УҒЫМЫ	84
ОРЫНБАСАР С., КАРАШЕВА Ж.Т. СЫЙҒА ТARTY ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	85
ТӨРЕХАН М., КАРАШЕВА Ж.Т. КАРЖЫ ҚУРАЛДАРЫ	87
ТҮРЕХАНОВА А., КАРАШЕВА Ж.Т. МУЛІКНІ ЖАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ	88
ЧИНГИСОВ С.Е., КАРАШЕВА Ж.Т. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҚУҚЫҒЫ	90
КАЛЫМОВ Д.К., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. КЕШЕНДІ КӨСПІКЕРЛІК ЛИЦЕНЗИЯ ШАРТЫНЫҢ ТҮСІНІГІ	93
ІЗБАСАРОВ Н.К., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚУҚЫҚТЫҚ МӨРТЕБЕСІ	94
СЕЙСЕНОВА Ш., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ҚОСЫЛУ ШАРТТАРЫНЫҢ ТҮСІНІГІ	95
ОРЫНБАСАРОВ М.К., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ҚОСЫЛУ ШАРТЫ	96
ТҮРҒЫНОВ Ж., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. КӨСПІКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚУҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ТҮСІНІГІ	98
ТОҒАЙБАЕВ Р., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНДА ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ТҮСІНІГІ	99
ДАБЫЛОВА М.И., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮСІНІГІ	101
ЖАМБЫЛ Ө.Б., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. НЕКЕНІ БҮЗУДЫҢ КЕЙБІР СУРАҚТАРЫ	102
ЗАКИРОВА Т., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ШАРТ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҮЗУ	103
ҚОЖЫБАҒАРОВА М.М., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІКТІҢ КЕЙБІР СУРАҚТАРЫ	106
САБЕН М., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СУРАҚТАРЫ	107
АДИЛОВА Н.Е., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	108
ҚУАНЫШБАЕВА Г.Б., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. МУЛІКТІК КЕШЕННІҢ ТҮСІНІГІ	109
ДЖИГИТЕКОВА Д.Н., ЕРМУХАМЕТОВА С.Р. АЗАМАТТЫҚ-ҚУҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІ НОТАРИАЛДЫҚ ҚУҒАНДЫРУ ТҮСІНІГІ	110
ТУТҚАБАЙ А.Н., РАХМЕТОЛДИНА А.К. КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӘСЕРІ	112
АДАНБЕКОВА З.Н., ХУДАЙБЕРДИНА Г.А. КӨСПІРОҢ АЗАМАТТЫҚ ҚУҚЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТİNДЕ	113
ҚҮРМАН Г., ХУДАЙБЕРДИНА Г.А. АВТОРЛЫҚ ҚУҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	115
СЫРҒАЛБАЙ А., ХУДАЙБЕРДИНА Г.А. НЕКЕ ШАРТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	116
МУКАНОВ О.Н. К СИСТЕМЕ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ	118

МҮЛІКТІК КЕШЕННІҢ ТҮСІНІГІ

Жалпы мүліктік кешендер азаматтық құқықтың объектісі болып табылғанымен азаматтық кодексімізде азаматтық құқықтың объектілері деп аталатын тарауында тек қана кәсіпорын мүліктік кешен ретінде 119-бапта іздестірілген. Мүліктік кешен түрлері және олардың азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі мәселелері кешенді құқықтық реттеуді қажет етеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, сол арқылы халықаралық қатынастарда өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Солардың бірі азаматтық құқықтың мәселесі. Кәсіпорын – заң тәртіптері бойынша тіркеуден өткен, мүлікті пайдаланудан, тауарларды сатудан, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету арқылы пайда табуға жүйелі түрде бағытталған кәсіпкерлік қызмет субъектісі.

Кәсіпорын әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру және пайда алу мақсатымен еңбек ұжымын пайдалана отырып, өнім (тауар) өндіреді, жұмыстарды орындайды, қызметтер көрсетеді және өндіріс құрал-жабдығы мен басқа да мүлікке меншік нысандарына қарамастан заңды тұлға ретінде және шаруашылық есеппен принциптеріне сүйеніп әрекет етеді. Кәсіпорын заңнамада тыйым салынбаған және кәсіпорынның жарғысында белгіленген мақсаттарға сай келетін кез келген шаруашылық қызметпен айналыса алады.

Ал, кондоминиум ретіндегі мүліктік кешен екі объектіден тұрады: және және ортақ. Көп пәтерлі ғимараттардағы жеке меншік пен ортақ меншік құқықтары тығыз байланысты. Жеке меншік пен ортақ меншікке деген құқық кондоминиумның қатысушыларына оны қамтамасыз ету міндетін жүктейді.

Кондоминиум объектісін басқару органы әрбір кондоминиум объектісіне екінші деңгейдегі банкте ұйымдағы шот ашуға міндетті, бұған осы үй-жай (пәтер) меншік иелерінің кондоминиум объектісін ұстауға және ағымдағы жөндеуге жарналары (төлемдері) аударылады.

Кондоминиум объектісін басқару органы осы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинау үшін әрбір кондоминиум объектісіне екінші деңгейдегі банктен жинақтау шотын ашуға құқылы.

Кейбір ғалымдар мүліктік кешеннің күрделі затпен көп ұқсастығы барын айтады: күрделі заттың құрамындағы барлық элементтер бірігу арқылы бір затты, бір мақсатты атқарады, бірақ егер күрделі зат оның құрамындағы заттармен бірігіп бір мақсатты атқаратын болса, мүліктік кешен болса алдымен заңда көрсетілген кешеннің құрамына кіретін заттардың жиынтығымен анықталады, сондай-ақ бір-бірімен функциональды байланысы бар және кешеннің ішінде орналасқан ұйымдастырушы элементтердің жиынтығынан тұрады. Сондықтан мүліктік кешен күрделі заттан әлде қайда күрделірек екенін ескеру керек.

Мүліктік кешен ретінде тек кәсіпорын ғана көрсетілгені, мүліктік кешен объектісі ретінде басқа объектілердің танылмайтындығына әкеп соғуда. Осы себептен қазіргі таңда «мүліктік кешен» ұғымы көптеген ғалымдармен зерттелуде.

Мүліктік кешенді жеке объект ретінде қарастыру, оған объект құқықтық мәртебесін беріп, оны күрделі заттан бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Мүліктік кешенді күрделі заттан ажырату үшін, оларды бір мақсаттағы объектілер жүйесі деп қана қарамай, сондай-ақ заңда көрсетілген мүліктердің тізімінен тұратын және функциональды түрде бір-бірімен байланысты және кешеннің құрамындағы элементтердің иерархиялы екенін ескеру керек.

Мүліктік кешендерге, соның ішінде кәсіпорындарға деген абсолюттік құқықтар мүліктік кешендердің сипатымен, яғни осы құқықтардың объектілерімен анықтауы тиіс. Кәсіпорын мұраға берілетін мүліктік кешен ретінде мұрагерлікке өтуі үшін оны құрайтын элементтердің, яғни, «мақсаты анықталған және заңдық маңызды қызметтің ықпалынан заңдық мүліктік кешеннің құрылымының мазмұнын» оның активі мен пассивті құруға

мүмкіндігі бар» құқықтық нормалары бекіткен нысандар тізімі ретіндегі кәсіпорын құрамының жиынтығы елеулі мәнге ие.

Демек егер кәсіпорынды түгелімен оның құрамындағыларды бөлмей бір тұтас зат ретінде таныса, онда ол түгелімен бір тұлғаға беріледі, ал егер оның құрамындағы мүлкі тараптарға жеке жеке бір бірлеп ауысуы мүмкін жағдайларда олардың әр қайсысы жеке жеке мұрагерлікке алынады. Сонымен қатар үлестік негізде де ауысуы мүмкін. Өз жұмысымды қорыта келе айтарым, жалпы осы мүлктік кешен институтының толық зерттелмеген шикі тұстары жетерлік, басқасын қоя тұра тіпті елімізде мүлктік кешен ретінде танылуға тиіс объектілердің тізімі де ешбір арнайы нормаларда көрініс таппаған, оның түрлерін іздеп жүріп, анадан, мынадан әзер табасын. Ең алдымен осы мәселені толығымен арнайы заң шығару арқылы ма, не болмаса, бір заңның тармағы ретінде жеке атап көрсетуіміз керек. Себебі затты мұрагерлікке беру кезінде немесе басқалай тармағы ретінде оның мүлктік кешен бе, я болмаса күрделі зат па екенін ажырату қиынға соғуда. Осы даулайтын кездерде оның мүлктік кешен бе, я болмаса күрделі зат па екенін ажырату қиынға соғуда. Осы мәселелерді шешу арқылы азаматтардың мүлктік кешендерді мұрагерлікке алу және олармен өзге де мәмілелер жасау қабілеттерін кеңейту қажет деп ойлаймыз.

Мүлктік кешендермен жасалатын мәміле мәміленің түріне байланысты да ерекшеленеді. Мысалы, кәсіпорынды сатып алу-сату шартында сатып алушы сатушыдан коммерциялық ақпаратты, іскерлік беделді, сатушының іскерлік байлауысын да алады. Ал, бұл сатушының кәсіпкерлік қызметі үшін жинақтағаны. Сондықтан бұл сатылатын кәсіпорынның бағасына әсер етеді. Сонымен қатар кәсіпорынмен байланысты сатушының қарыздарының сатып алушыға ауысуы да шартты ерекшелендіреді.

Сондықтан мүлктік кешендердің азаматтық айналымдардағы айналым қабілеттілігі зерттеуді қажет ететін сөзсіз.

Мүлктік кешендермен жасалатын мәміленің мәселесі бізге құқықтық тұрғыдан терең қарастыруды қажет етеді.

Мүлктік кешен азаматтық құқықтың ерекше объектісі болып табылады, себебі күрделі объекті.

Біздің ойымызша мүлктік кешенді келесідей топтастыруға болады:

Пайдалану мақсатына байланысты «коммерциялық» кешендер, олар тұрақты, жүйелі түрде пайда табуға қолданылатын мүлктік кешендер.

Екіншіден, «тұтынушылық» кәсіпкерлік емес мақсатта қолданылатын мүлктік кешендер. Мысалы, көпқабатты үйлердегі ортақ мүлік, мұрагерлік масса, тарату массасы.